

**3 сынып ІІ тоқсан Әдебиеттік оқу пәні «Сәулет» ортақ тақырыбы бойынша
жиынтық бағалау БЖБ №2**

Мерзімі: **Білім алушы:**.....

Оқу мақсаты: 3.1.5.1 – өз ойы мен сезімін көркем-бейнелі сөздерді қолдана отырып, жеткізу
3.2.3.1 Шығарманың тақырыбын анықтау және негізгі ойды білдіріп тұрған мәтіндегі сөйлемді табу.

Бағалау критерийі *Білім алушы*

Мәтінді оқиды. Сұрақтарға жауап береді.

Мәтінге ат қояды, тұрғын үй кешендерінің ерекшеліктеріне тоқталады, тапсырмаларды орындайды.

Тірек сөздер арқылы әңгіме құрап айтады.жазады

Ойлау дағдыларының деңгейі: Қолдану. Білу және түсіну

Орындау уақыты: 20 минут **Балл саны:** 8

ІІ нұсқа

1-тапсырма Мәтінді мұқият тында. Сұрақтарға жауап бер. (3)

Ұялас күшіктердің арасынан төсі аппақ күшікті таңдап алып, Ақтөс деп ат қойды.

Нұрлыбектің күндегі ермегі осы. Бауырын жаңа көтерген күшік құлдыраңдап жүгіреді.

Шәуілдеп үретінді шығарды. Есік алдындағы тауықтарды қуып, маза бермейді.

–Жануарлардың суретін салыңдар, – деген апайының тапсырмасы Нұрлыбектің есіне

Ақтөсті түсірді. Ол қолына қарындаш алды. Сәлден соң қағазын алып, төргі бөлмеге кірді.

– Әже, Ақтөстің суретін салдым!

Әжесі иіріп отырған ұршығын қасына қойды да:

– Шынында да, аумайды екен, – деді суретке қызыға қарап.

Нұрлыбек күшікке қандай ат қойды?.....

Мұғалім қандай тапсырма берді?

Нұрлыбек ненің суретін салды?

2-тапсырма. Мәтінді түсініп оқы. Тапсырмаларды орында. (3)

Нұр-Сұлтан қаласы жылдан-жылға көркейіп келеді. Оның жаңадан салынған ғимарат тары мен әдемі алаңдары көз тартады. Мысалы, «Қазақстан Темір Жолы» ұлттық компаниясы ның бас ғимараты заманауи үлгіде жасалған зәулім мекеме. Биіктігі – 175 метр. Хан Шатыр» - Астанада ғы сауда, ойын-сауық орталықтары ның бірі. Ол 2010 жылы ашылды. Бұл әлемдегі киіз үй пішіндес ең үлкен ғимарат болып саналады. Оның ішінде сауда орындары мен ойын - сауық кешендері, мейрамханалар бар. Қазір мұндай ғимараттар Астананың мақтанышына айналған.

•Мәтінге ат қой

•Тұрғын үй кешенінің ерекшеліктерін айт және жаз

3-тапсырма

Берілген тірексөздерді пайдаланып, Нұр-Сұлтан қаласы туралы әңгіме құрастырып жаз. (2)

Тірек сөздер: елорда, сәулетті, зәулім үйлер, жас қала, бас қала, Есіл өзені, көрікті, көз тоймайды, ғимараттар, елімнің жүрегі.

Бағалау критеріі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Мәтінді оқиды. Сұрақтарға жауап береді.	1	Күшіктің ерекшелігіне байланысты ат қоюы Жауап жазады	1
		Мұғалімнің берген тапсырмасын орындайды	1
		Тақырыпқа байланысты сурет салады	1
Мәтінге ат қояды, тұрғын үй кешендерінің ерекшеліктеріне тоқталады, тапсырмаларды орындайды.	2	Мәтінге ат қояды	1
		Тұрғын үй кешендерінің ерекшеліктерін айтады	1
		Тұрғын үй кешендерінің ерекшеліктері туралы жазады	1
Тірек сөздер арқылы әңгіме құрап айтады.жазады	3	Нұр-Сұлтан қаласына байланысты әңгіме құрастырады	1
		Тірек сөздер қатыстырып әңгіме құрап жазады	1
Барлығы			8

«Сәулет» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
		Төмен	Орта	Жоғары
Мәтіннен қажетті ақпаратты тауып, белгілейді Мәтіннің тақырыбын анықтайды	1	Мәтіннен қажетті ақпараттарды анықтауда және мәтінге ат қоюда қиналады. <input type="checkbox"/>	Мәтіннен қажетті ақпараттарды анықтауда/ мәтінге ат қоюда қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	Мәтіннен қажетті ақпараттарды анықтайды және мәтінге ат қояды. <input type="checkbox"/>
Мәтіннің негізінде шығармашылық жұмыс жасайды	2	Тақырыпқа сәйкес шығармашылық жұмыс жасауда қиналады. <input type="checkbox"/>	Тақырыпқа сәйкес шығармашылық жұмыс жасайды, тірек сөздерді қолдануда/ лексика-грамматикалық нормаларды сақтауда қателеседі. <input type="checkbox"/>	Тақырыпқа сәйкес шығармашылық жұмыс жасайды. <input type="checkbox"/>

